**"ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ"**

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2021ж. 7 сәуір № 2-02/153

Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын беру туралы**

Түрлі салаларда ерекше қабілеттерін көрсеткен талантты және дарынды балаларды, сондай-ақ басқаларды құтқару үшін өз өмірін қатерге тіккен, қоғамдық маңызы бар, батыл іс-әрекеттер жасаған балаларды қолдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тәуелсіздік күні – мемлекеттік мерекесі қарсаңында «Тәуелсіздік ұланы» біржолғы ақшалай сыйлықақыны (бұдан әрі – «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы) тапсыру бойынша іс-шара өткізілсін.
2. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақы беру тәртібі туралы ереже бекітілсін (1-қосымша).
3. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын беру жөніндегі облыстық конкурстық комиссия бекітілсін (2-қосымша).
4. Білім беру басқармасының экономика және стратегиялық даму бөлімі (А.Д. Аубакирова) аталған іс-шараны қаржыландыруды қамтамасыз етсін.
5. «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (А Б. Шаймұрат) медаль мен төсбелгінің эскиздерін әзірлесін.
6. Ақпараттық технологиялар орталығы (А.Р. Керимбаев) онлайн дауыс беруді өткізу үшін веб-сайт құрсын.
7. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын қаржыландыру «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шаралар мен конкурстар өткізуге бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.
8. Білім беру бөлімдерінің, білім беру ұйымдарының басшылары «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын беру үшін үміткерлерді іріктеудің сапалы жүргізілуін қамтамасыз етсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Г. Башироваға жүктелсін.

**Басқарма басшысы** **Д. Болатханұлы**

Таныстырылды ______________________________

(қолы, күні)

011195

№2-02/153
от 07.04.2021г

**О присуждении**
**премии «Тәуелсіздік ұланы»**

В целях поддержки талантливых и одаренных детей, проявивших выдающиеся способности в различных областях, а также детей, совершивших общественно-значимые, отважные поступки, рискнувшие своей жизнью ради спасения других **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести мероприятие по вручению единовременной денежной премии «Тәуелсіздік ұланы» (далее – Премия «Тәуелсіздік ұланы») накануне государственного праздника - Дня Независимости.
2. Утвердить положение о порядке присуждения Премии «Тәуелсіздік ұланы» (приложение 1).
3. Утвердить областную конкурсную комиссию по присуждению Премии «Тәуелсіздік ұланы» (приложение 2).
4. Отделу экономики и стратегического развития управления образования (Аубакирова А.Д.) обеспечить финансирование данного мероприятия.
5. Региональному учебно-методическому центру дополнительного образования «Ертіс дарыны» (Шаймұрат А.Б.) разработать эскизы медали и нагрудного значка.
6. Центру информационных технологий (Керимбаев А.Р.) создать веб-сайт для проведения онлайн голосования.
7. Финансирование Премии «Тәуелсіздік ұланы» осуществлять в пределах средств, выделенных региональному учебно-методическому центру дополнительного образования «Ертіс дарыны» на проведение школьных олимпиад, внешкольных мероприятий и конкурсов.
8. Руководителям отделов образования, организаций образования обеспечить качественное проведение отбора претендентов на присуждение Премии «Тәуелсіздік ұланы».
9. Контроль за исполнением данного приказа возложить на заместителя руководителя управления образования Г. Баширову.

**Руководитель управления** **Д. Болатханұлы**

Ознакомлен(а)________________________________
(дата, подпись)

**Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға бір жолғы ақшалай сыйлықақы беру тәртібі туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ережелер
## 2.

**1.1** Осы Ереже көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға бір жолғы ақшалай сыйлықақы беруге талапкерлерді іріктеу бойынша конкурстық комиссиясын құру мен жұмыс тәртібін белгілейді (бұдан әрі – «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы).

**1.2** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын талап ету қорытындылары мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні қарсаңында шығарылады.

**1.3** Талапкерлерді іріктеу жұмысын ұйымдастыру мен техникалық қамтамасыз ету мақсатында «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын беру бойынша облыстық конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

**1.4** Комиссия құрамы Павлодар облысы білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

## 2. Облыстық конкурстық комиссияның өкілеттігі

**2.1** Комиссия құрамында 7 адамнан кем болмау керек, соның ішінде төраға, оның орынбасары, мүшелері, хатшы. Комиссия құрамы жылсайын Павлодар облысы білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

**2.2** Комиссия жұмысын төраға басқарады, ол болмаған жағдайда – орынбасары. Комиссия төрағасы жалпы басшылық етеді, жұмыс тәртібі мен кестесін белгілейді; отырыстар өткізеді. Комиссия мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде атқарады.

**2.3** Конкурстық комиссия отырыстары құрамының үштен екісі болған жағдайда құқылы болып саналады. Комиссия келесі функцияларды орындайды: «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкерлері ұсынған құжаттаманың сараптамалық бағалауын жасайды, кандидаттар тізімін құрады, құжаттарды талдайды.

**2.4** Құжаттардың сараптамасы кезінде Комиссия мүшесі талапкер ұйымында жұмыс істеген, көрнекті қабілеттерін танытып, тиісті ақшалай сыйлықақысының талапкерімен туыстық қатынаста немесе ғылыми жетекшілік, бірлескен авторлықта болған мүдделер қайшылығы жағдаятына жол берілмейді.

**2.5** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы Комиссия шешімінің негізінде беріледі.

**2.6** Комиссия қабылдаған шешім хаттамамен рәсімделеді және облыс білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі. Талапкерлер тізімі Павлодар облысының әкімдігімен келісіледі.

**2.7** Комиссия шешімі қабылданған мерзімінен жеті күн аспай облыс білім беру басқармасының интернет-ресурсында орналастырылады.

**2.8** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысымен қайтадан марапаттауға жол берілмейді.

## 3. Сыйлықақы кандидаттарын ұсыну тәртібі

**3.1** «Тәуелсіздік ұланы» премиясын алуға үміткерлер соңғы үш жылдың ішінде облыстық, республикалық және халықаралық конкурстар, олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың,) орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» № 514 бұйрығына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және дене шынықтыру комитеті төрағасының м.а. 2020 жылғы 14 желтоқсандағы «2021 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту туралы» №380 бұйрығына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрімен бекітілген республикалық спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және халықаралық сайыстардың күнтізбелік жоспарына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен өткізілетін республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар тізбесіне (Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығының 2021 жылғы 21 ақпандағы №15-53/105 хаты) енгізілгендер;
- сондай-ақ аймақаралық және облыстық олимпиадалар, кәсіби шеберлік конкурстардың жүлдегерлері.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушылары үшін тек республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктер ескеріледі.

«Спорттық шеберлік» номинациясында тек республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктер ескеріледі.

**3.2** Қоғамдық-маңызды, батыл әрекет жасаған, өзге адамды құтқару үшін өз өміріне қауіп төндірген білім алушыларға «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы конкурстан тыс беріледі.

**3.3** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы жыл сайын келесі номинациялар бойынша беріледі:

- «Ғылыми-техникалық шығармашылық пен оқу-зерттеу қызметі» - 80 квота;
- «Кәсіби шеберлік» (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін) – 40 квота
- «Шығармашылық шеберлік» - 70 квота;
- «Спорттық шеберлік» - 70 квота;
- «Әлеуметтік маңызы бар және қоғамдық қызмет» - 40 квота.

**3.4** Конкурс бірнеше кезеңде өткізіледі. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін әр кезеңде сараптамалық (жұмыс) топтар құрылады.

I кезең – білім беру ұйымдарының деңгейінде.

Бұл кезеңде білім алушылар осы Ереженің 3.2 тармағына сәйкес білім беру ұйымдарының сараптамалық (жұмыс) топтарына қажетті материалдарды ұсынады. Сараптамалық (жұмыс) топтар ұсынылған материалдарды іріктеп, талапкерлердің Конкурстың келесі кезеңіне қатысуы туралы шешімін қабылдайтын білім беру ұйымының педагогикалық кеңесіне бекітуге ұсынады.

Конкурстың басталуы мерзімі 2021 жылдың 15 сәуірі.

I кезеңнің құжаттарын қабылдау мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 18-23 қазан аралығы.

II кезең – қала және аудан деңгейінде.

Білім беру ұйымдары ұсынған материалдар қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің сараптамалық (жұмыс) топтарымен қаралады.

II кезеңнің құжаттарын қабылдау мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 1-6 қараша аралығы.

Сонымен қатар, I және II кезеңдерін өткізу кезінде талапкерлер визитка форматында өздерінің видеороликтарын (1 минуттан көп емес). орналастырған веб-сайтта онлайн дауыс беру ұйымдастырылады. Дауыс беру нәтижелері I және II кезең қорытындыларын шығарған кезде есепке алынады.

Қалалық және аудандық білім беру бөлімдері, мамандандырылған, арнайы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 2 қосымшаға сәйкес талапкерлер тізімін Комиссияның қарауына ағымдағы күнтізбелік жылғы 13 қарашаға дейін тапсырады.

III кезең (облыстық ) – қорытынды.

III кезеңнің құжаиттарын қабылдау мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 қараша-3 желтоқсан аралығы.

Комиссияның қарауына келесі материалдар ұсынылады:

- Конкурстың қорытынды кезеңінің талапкерлер тізімін көрсетумен сараптамалық (жұмыс) топтары отырыстарының шешімі (үзінді көшірме);
- 4.1, 4.2 тармақтарына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылғы қызмет жетістіктерін (портфолио) растайтын құжаттар;

**3.5.** Конкурстық іріктеу әр номинация бойынша жеке өткізіледі. Егер бір немесе бірнеше номинацияда талапкерлер болмаса, «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы ұсынылған номинациялар арасында ең көп рейтингтік ұпай саны бойынша критерийлеріне сәйкес бөлінеді (1-қосымша).

**3.6** Әр талапкер жетістіктері конкурстық комиссияның үш мүшесімен бағаланады.

**3.7** Осы Ережеде көрсетілмеген жағдаяттар туындаған сәтте конкурстық комиссия шешімі алқалы қабылданады.

## 4. Ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар

**4.1** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкері келесі материалдарды тапсырады:
- белгіленген форма бойынша талапкер сауалнамасы (3-қосымша);
- мәлімделген номинация бойынша соңғы үш жылғы жетістіктерді дәлелдейтін құжаттар көшірмесі (дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар, куәліктер, сертификаттар, БАҚ-тағы жарияланымдар және т.б.). Әр көшірме талапкерді ұсынған ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталады;
- мәлімделген номинация бойынша Конкурс қатысушысының ерекше табыстарын растайтын өзге материалдар.

**4.2** Материалдар жеке мөлдір тысты папкада ұсынылады, әр құжат жеке файлда болу керек (құжаттардың екі жақты салынуына рұқсат беріледі).

**4.3** Талаптарға сай келмейтін материалдар Комиссия шешімімен қабылданбауы мүмкін. Конкурсқа белгіленген мерзімнен кеш және осы Ереженің 3.3-тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарсыз жіберілген материалдар қаралмайды.

## 5. Конкурсты қаржыландыру

**5.1** «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының иегерлері 300 білім алушы санында медальмен, төсбелгімен марапатталады және 50-еселі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы сыйақы алады.

**5.2** Конкурс жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды
балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға
кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия
жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
1-қосымша

## «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкерлерін бағалау критерийлері

| р/с № | Критерий атауы | Максималды ұпай саны |
|---|---|---|
| 1. | **Талапкердің жетістіктері (әр шараны қосындылау):** | |
| 1.1 | Халықаралық олимпиадалар, конкурстар мен жарыстар жүлдегерлері:<br>1-орын<br>2-орын<br>3-орын | 5 ұпай<br>4 ұпай<br>3 ұпай |
| 1.2 | Республикалық олимпиадалар, конкурстар мен жарыстар жүлдегерлері:<br>1-орын<br>2-орын<br>3-орын | 4 ұпай<br>3 ұпай<br>2 ұпай |
| 1.3 | Аймақаралық және облыстық шаралардың (олимпиадалар, фестивальдер; конкурстар, жарыстар), кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері:<br>1-орын<br>2-орын<br>3-орын | 3 ұпай<br>2 ұпай<br>1 ұпай |
| 2. | **Талапкердің әлеуметтік-маңызды және қоғамдық қызметі (әр шараны қосындылау)** | |
| 2.1 | Білім алушының көшбасшылық қасиеттері мен белсенді өмірлік ұстанымы:<br>республикалық деңгей<br>облыстық деңгей | 4 ұпай<br>3 ұпай |
| 2.2 | Стартап-жобаларды әзірлеу мен ендіру | 4 ұпай |
| 3. | **Оқу жетістіктері** | |
| 3.1 | «үздік»<br>«жақсы және үздік» | 5 ұпай<br>4 ұпай |

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
2-қосымша

**«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы талапкерлерін бөлу құжаты**

| р/с № | Қала, аудан, білім беру ұйымының атауы | Талапкерлер саны |
|---|---|---|
| 1 | Павлодар қ. | 185 |
| 2 | Екібастұз қ. | 87 |
| 3 | Ақсу қ. | 42 |
| 4 | Ақтоғай ауданы | 8 |
| 5 | Аққулы ауданы | 8 |
| 6 | Баянауыл ауданы | 18 |
| 7 | Железин ауданы | 9 |
| 8 | Ертіс ауданы | 11 |
| 9 | Май ауданы | 7 |
| 10 | Павлодар ауданы | 16 |
| 11 | Тереңкөл ауданы | 13 |
| 12 | Успен ауданы | 8 |
| 13 | Шарбақты ауданы | 12 |
| 14 | Мамандандырылған білім беру ұйымдары | Әр ұйымнан 5 адамнан аспау керек |
| 15 | Аранайы білім беру ұйымдары | Әр ұйымнан 3 адамнан аспау керек |
| 16 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары | Әр ұйымнан 3 адамнан аспау керек |

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды
балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға
кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия
жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
3-қосымша

**«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы талапкерлерінің сауалнамасы**

1. Талапкердің аты-жөні *(туу туралы куәлігіне немесе жеке куәлігіне сәйкес)*
2. Туған күні, айы, жылы
3. Мекендеу орны *(аудан/қала, елді мекен, мекен-жайы)*
4. Оқу орны *(білім беру ұйымының толық атауы)*
5. Сынып немесе топ
6. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының номинациясы
7. Отбасының әлеуметтік жағдайы
8. Байланыс деректері *(телефон, e-mail)*

# ПОЛОЖЕНИЕ
## о порядке присуждения единовременной денежной премии талантливым и одаренным детям, проявившим выдающиеся способности

### 1. Общие положения

**1.1** Данное положение определяет порядок формирования и работы конкурсной комиссии по отбору претендентов на присуждение единовременной денежной премии талантливым и одаренным детям, проявившим выдающиеся способности (далее – Премия «Тәуелсіздік ұланы»).

**1.2** Итоги на соискание Премии «Тәуелсіздік ұланы» подводятся накануне государственного праздника - Дня Независимости.

**1.3** В целях организационного и технического обеспечения работ по отбору кандидатов создается областная конкурсная комиссия по присуждению Премии «Тәуелсіздік ұланы» (далее – Комиссия).

**1.4** Состав Комиссии утверждается приказом управления образования Павлодарской области.

### 2. Полномочия областной конкурсной комиссии

**2.1** В состав Комиссии входит не менее 7 человек, в том числе председатель, заместитель председателя, члены, секретарь Комиссии. Состав Комиссии утверждается ежегодно приказом управления образования Павлодарской области.

**2.2** Работу Комиссии возглавляет председатель, в его отсутствие – заместитель председателя. Председатель осуществляет общее руководство, определяет порядок и график работы, проводит заседание Комиссии. Члены Комиссии осуществляют свою деятельность на безвозмездной основе.

**2.3** Заседания конкурсной комиссии считается правомочными при наличии двух третей его состава. Комиссия выполняет следующие функции: проводит экспертную оценку документации, предоставленной претендентами на получение Премии «Тәуелсіздік ұланы», формирует список кандидатов, осуществляет анализ документов.

**2.4** При экспертизе документов не допускается ситуация конфликта интересов, при которой член Комиссии работает в организации претендента, состоит в родственных отношениях или в отношениях научного руководства, либо соавторства с обучающимся, проявившим выдающиеся способности, и претендующим на получение соответствующего денежного поощрения.

**2.5** Основанием для присуждения Премии «Тәуелсіздік ұланы» является решение Комиссии.

2.6 Решение, принимаемое Комиссией, оформляется протоколом и утверждается приказом управления образования области. Список претендентов согласовывается с акиматом Павлодарской области.

2.7 Решение Комиссии размещается на интернет-ресурсе управления образования области, не позднее чем через семь календарных дней после их принятия.

2.8 Повторное награждение Премией «Тәуелсіздік ұланы» не допускается.

## 3. Порядок выдвижения кандидатов для присуждения премии

3.1 Претендентами на присуждение Премии «Тәуелсіздік ұланы» являются победители призеры областных, республиканских и международных конкурсов, олимпиад и соревнований за последние три года, включенных:

– в приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 7 декабря 2011 года № 514 «Об утверждении перечня республиканских и международных олимпиад и конкурсов научных проектов (научных соревнований) по общеобразовательным предметам, конкурсов исполнителей, конкурсов профессионального мастерства и спортивных соревнований»;

– в приказ и.о. председателя комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан от 14 декабря 2020 года №380 «Об утверждении единого республиканского календаря спортивно-массовых мероприятий на 2021 год);

– в календарный план республиканских спортивно-массовых, физкультурно-оздоровительных мероприятий и международных соревнований, утвержденного Вице-министром образования и науки Республики Казахстан;

– в перечень внешкольных мероприятий республиканского значения счет средств республиканского бюджета, утвержденных Министерством образования и науки Республики Казахстан (письмо республиканского учебно-методического центра дополнительного образования от 23 февраля 2021 года №15-53/105);

– а также призеры межрегиональных и областных олимпиад, конкурсов профессионального мастерства.

Для обучающихся специализированных организаций образования будут учитываться только достижения республиканского и международного уровней.

В номинаций «Спортивное мастерство» будут учитываться только достижения республиканского и международного уровней.

**3.2** Обучающимся, совершившим общественно-значимые, отважные поступки, рискнувшим своей жизнью ради спасения других, Премия «Тәуелсіздік ұланы» присуждается вне конкурса.

**3.3** Премия «Тәуелсіздік ұланы» присуждается ежегодно по следующим номинациям:

- «Научно – техническое творчество и учебно – исследовательская деятельность» – 80 квот;
- «Профессиональное мастерство» (для организаций технического и профессионального образования) – 40 квот;
- «Творческое мастерство» – 70 квот;
- «Спортивное мастерство» – 70 квот;
- «Социально значимая и общественная деятельность» – 40 квот.

**3.4** Конкурс проводится в несколько этапов. Для организации и проведения Конкурса на каждом этапе создаются экспертные (рабочие) группы.

I этап – на уровне организаций образования.

На данном этапе обучающиеся представляют необходимые материалы в соответствии с пунктом 3.2 настоящего положения в экспертные (рабочие) группы организации образования. Экспертные (рабочие) группы проводят отбор представленных материалов и выносят их на утверждение педагогического совета организации образования, где принимается решение о выдвижении претендентов на участие в следующем этапе Конкурса.

Конкурс стартует с 15 апреля 2021 года.

Сроки приема документов I этапа: с 18 по 23 октября текущего календарного года.

II этап - на уровне городов и районов.

Представленные организациями образования материалы рассматриваются экспертными (рабочими) группами городских и районных отделов образования.

Сроки приема документов II этапа: с 1 по 6 ноября текущего календарного года.

Во время проведения I и II этапов дополнительно будет организовано онлайн голосование на веб-сайте, где претендентами размещаются видеоролики о себе в формате визитки (не более 1 минуты). Итоги голосования будут учитываться при подведении итогов I и II этапов.

Отделы образования городов и районов, специализированные, специальные организации образования, организации технического и профессионального образования предоставляют до 13 ноября текущего календарного года на рассмотрение Комиссии списки претендентов согласно приложению 2.

III этап (областной ) – заключительный.

Сроки приема докуентов III этапа: с 15 ноября по 3 декабря текущего календарного года.

На рассмотрение Комиссии предоставляются следующие материалы:

- решение (выписка) заседания экспертных (рабочих) групп с указанием списка претендентов на участие в заключительном этапе Конкурса;

- документы, подтверждающие достижения деятельности (портфолио) за текущий календарный год соответствии с пунктами 4.1,4.2;

**3.5** Конкурсный отбор проводится Комиссией по каждой из пяти номинаций отдельно. Если претенденты по одной или нескольким номинациям отсутствуют, Премия «Тәуелсіздік ұланы» распределяется среди представленных номинаций согласно критериям по наибольшему количеству рейтинговых баллов (приложение 1).

**3.6** Достижения каждого претендента оцениваются не менее чем тремя членами конкурсной комиссии.

**3.7** При возникновении ситуаций, не указанных в настоящем Положении, решение принимается конкурсной комиссией коллегиально.

## 4. Требования к представляемым материалам

**4.1** Претендентом на получение Премии «Тәуелсіздік ұланы» представляются следующие материалы:

- анкета претендента по установленной форме (приложение 3);

- копии документов, свидетельствующих о достижениях в заявленной номинации (дипломы, грамоты, благодарственные письма, свидетельства, сертификаты, публикации в СМИ и т.д.) за последние три года. Каждая копия заверяется подписью руководителя и печатью организации, выдвигающего участника;

- другие материалы, подтверждающие особые успехи участника Конкурса в заявленной номинации.

**4.2** Материалы предоставляются в отдельной папке с прозрачной обложкой, каждый документ должен быть помещен в отдельный файл (допускается двустороннее размещение документов).

**4.3** Материалы, не соответствующие требованиям, могут быть отклонены решением Комиссии. Материалы, направленные на Конкурс позднее установленных сроков, а также без сопроводительных документов, указанных в п.3.3. настоящего Положения, не рассматриваются.

## 5. Финансирование Конкурса

5.1 Обладатели Премии «Тәуелсіздік ұланы» в количестве 300 обучающихся награждаются медалью, нагрудным значком и получают единовременное вознаграждение в размере 50-кратного месячного расчетного показателя.

5.2. Финансирование Конкурса осуществляется за счет средств местного бюджета.

Приложение 1 к Положению о порядке
работы конкурсной комиссии по отбору
кандидатов на присуждение денежных премий и
поощрений талантливым и одаренным детям,
проявившим выдающиеся способности

**Критерии оценки**
**претендентов на Премию «Тәуелсіздік ұланы»**

| № п/п | Наименование критерия | Максимальное количество баллов |
|---|---|---|
| 1. | **Достижения претендента (суммирование за каждое мероприятие):** | |
| 1.1 | Призеры международных олимпиад, конкурсов и соревнований:<br>1 место<br>2 место<br>3 место | <br><br>5 баллов<br>4 балла<br>3 балла |
| 1.2 | Призеры республиканских олимпиад, конкурсов и соревнований:<br>1 место<br>2 место<br>3 место | <br><br>4 балла<br>3 балла<br>2 балла |
| 1.3 | Призеры областных, межрегиональных мероприятий (олимпиады, фестивали, конкурсы, соревнования), конкурсов профессионального мастерства<br>1 место<br>2 место<br>3 место | <br><br><br>3 балла<br>2 балла<br>1 балл |
| 2. | **Социально-значимая и общественная деятельность претендента (суммирование за каждое мероприятие)** | |
| 2.1 | Лидерские качества и активная жизненная позиция обучающегося:<br>республиканский уровень<br>областной уровень | <br><br>4 балла<br>3 балла |
| 2.2 | Разработка и внедрение стартап-проекта | 4 балла |
| 3. | **Учебные достижения** | |
| 3.1 | На «отлично»<br>На «хорошо и отлично» | 5 балла<br>4 балла |

Приложение 2 к Положению о порядке
работы конкурсной комиссии по отбору
кандидатов на присуждение денежных премий и
поощрений талантливым и одаренным детям,
проявившим выдающиеся способности

## Разнарядка претендентов
## на присуждение Премии «Тәуелсіздік ұланы»

| № п/п | Наименование города, района, организации образования | Количество претендентов |
|---|---|---|
| 1 | г. Павлодар | 185 |
| 2 | г. Экибастуз | 87 |
| 3 | г. Аксу | 42 |
| 4 | Актогайский | 8 |
| 5 | Аққулы | 8 |
| 6 | Баянаульский | 18 |
| 7 | Железинский | 9 |
| 8 | Иртышский | 11 |
| 9 | Майский | 7 |
| 10 | Павлодарский | 16 |
| 11 | Тереңкөл | 13 |
| 12 | Успенский | 8 |
| 13 | Щербактинский | 12 |
| 14 | Специализированные организации образования | не более 5 человек от каждой организации |
| 15 | Специальные организации образования | не более 3 человек от каждой организации |
| 16 | Организации технического и профессионального образования | не более 3 человек от каждой организации |

Приложение 3 к Положению о порядке
работы конкурсной комиссии по отбору
кандидатов на присуждение денежных премий и
поощрений талантливым и одаренным детям,
проявившим выдающиеся способности

**Анкета претендента**
**на присуждение Премии «Тәуелсіздік ұланы»**

1. Ф.И.О. претендента *(согласно свидетельства о рождении или удостоверения личности)*
2. Дата рождения
3. Место проживания *(район/город, населенный пункт, адрес проживания)*
4. Место учебы *(полное наименование организации образования)*
5. Класс или группа
6. Номинация Премии «Тәуелсіздік ұланы»
7. Социальное положение семьи
8. Контактные данные *(телефон, e-mail)*

20__ жылғы «___»________
№________ бұйрыққа
2-қосымша

**«Тәуелсіздік ұланы» сыйлығын беру жөніндегі облыстық конкурстық комиссияның құрамы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Баширова Гульмира Каирбергеновна | - | білім беру басқармасы басшысының орынбасары, комиссия төрағасы |
| 2 | Шаймұрат Азамат Боранбаевич | - | «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының басшысы, комиссия төрағасының орынбасары |
| 3 | Азанбаева Нургуль Шалабаевна | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия хатшысы |
| | **Комиссия мүшелері:** | | |
| 4 | Слямова Жанар Амантаевна | - | білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері, комиссия мүшесі |
| 5 | Кожина Замзагуль Сутешовна | - | білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері, комиссия мүшесі |
| 6 | Жапарбекова Акмарал Нургазиновна | - | «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі |
| 7 | Мухажанова Евгения Сергеевна | - | «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі |
| 8 | Саламбекова Дамили Кабдышукуровна | - | «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі |
| 9 | Нургалиева Асия Тимуровна | - | Ақпараттық технологиялар орталығының әдіскері, комиссия мүшесі |
| 10 | Акишпаева Анар Талаповна | - | Ақпараттық технологиялар орталығының әдіскері, комиссия мүшесі |
| 11 | Омарова Гаухар Бакиевна | - | «Үміт Үзбеу» қоғамдық қорының директоры, комиссия мүшесі |
| 12 | Адамова Алтыншаш Каскырбаевна | - | «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» КММ басшысы, комиссия мүшесі |
| 13 | Гринченко Светлана Николаевна | - | «Павлодар қалалық балалы әйелдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу орталығы» КММ психологі, комиссия мүшесі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | Иманшарипова Айнур Жумабаевна | - | білім беру басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, комиссия мүшесі |
| 15 | Жумадилова Гульмира Амангельдыевна | - | техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, комиссия мүшесі |
| 16 | Баймуханова Гульнар Алтаевна | - | техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, комиссия мүшесі |
| 17 | Кощегулова Гультан Бахытовна | - | білім беру басқармасының бөлім басшысы, комиссия мүшесі |
| 18 | Абильжанова Ботакоз Омырзаковна | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия мүшесі |
| 19 | Айгожин Махамбет Аскарович | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия мүшесі |
| 20 | Айтмахан Бекбатыр Жанатұлы | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия мүшесі |
| 21 | Ахметова Бибинур Сансызбаевна | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия мүшесі |
| 22 | Жусуп Мергали Гаккашаулы | - | білім беру басқармасының бас маманы, комиссия мүшесі |
| 23 | Тусупов Бахтияр Суюндыкович | - | дене шынықтыру оқу-практикалық орталығының басшысы, комиссия мүшесі |
| 24 | Асайнова Кумусай Кайраковна | - | дене шынықтыру оқу-практикалық орталығы басшысының орынбасары, комиссия мүшесі |
| 25 | Атенов Темирбулат Мусабекович | - | дене шынықтыру оқу-практикалық орталығының бастапқы әскери дайындық бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі |

Приложение 2
к приказу №__________
от «___»________20__ года

**Состав**
**областной конкурсной комиссии по присуждению**
**Премии «Тәуелсіздік ұланы»**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Баширова Гульмира Каирбергеновна | - | заместитель руководителя управления образования, председатель комиссии |
| 2 | Шаймұрат Азамат Боранбаевич | - | руководитель регионального учебно-методического центра дополнительного образования «Ертіс дарыны», заместитель председателя комиссии |
| 3 | Азанбаева Нургуль Шалабаевна | - | главный специалист управления образования, секретарь комиссии |
| | **Члены комиссии:** | | |
| 4 | Слямова Жанар Амантаевна | - | методист инновационного центра развития образования, член комиссии |
| 5 | Кожина Замзагуль Сутешовна | - | методист инновационного центра развития образования, член комиссии |
| 6 | Жапарбекова Акмарал Нургазиновна | - | заведующая отделом регионального учебно-методического центра дополнительного образования «Ертіс дарыны», член комиссии |
| 7 | Мухажанова Евгения Сергеевна | - | заведующая отделом регионального учебно-методического центра дополнительного образования «Ертіс дарыны», член комиссии |
| 8 | Саламбекова Дамили Кабдышукуровна | - | заведующая отделом регионального учебно-методического центра дополнительного образования «Ертіс дарыны», член комиссии |
| 9 | Нургалиева Асия Тимуровна | - | методист Центра информационных технологий, член комиссии |
| 10 | Акишпаева Анар Талаповна | - | методист Центра информационных технологий, член комиссии |
| 11 | Омарова Гаухар Бакиевна | - | директор общественного фонда «Үміт Үзбеу», член комиссии |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Адамова Алтыншаш Каскырбаевна | - | руководитель КГУ «Областная психолого-медико-педагогическая консультация», член комиссии |
| 13 | Гринченко Светлана Николаевна | - | психолог КГУ «Павлодарский городской центр социально-психологической реабилитации и адаптации женщин с детьми», член комиссии |
| 14 | Иманшарипова Айнур Жумабаевна | - | заведующая методическим кабинетом отдела технического и профессионального образования управления образования, член комиссии |
| 15 | Жумадилова Гульмира Амангельдыевна | - | методист отдела технического и профессионального образования, член комиссии |
| 16 | Баймуханова Гульнар Алтаевна | - | методист отдела технического и профессионального образования, член комиссии |
| 17 | Кощегулова Гультан Бахытовна | - | руководитель отдела управления образования, член комиссии |
| 18 | Абильжанова Ботакоз Омырзаковна | - | главный специалист управления образования, член комиссии |
| 19 | Айгожин Махамбет Аскарович | - | главный специалист управления образования, член комиссии |
| 20 | Айтмахан Бекбатыр Жанатұлы | - | главный специалист управления образования, член комиссии |
| 21 | Ахметова Бибинур Сансызбаевна | - | главный специалист управления образования, член комиссии |
| 22 | Жусуп Мергали Гаккашаулы | - | главный специалист управления образования, член комиссии |
| 23 | Тусупов Бахтияр Суюндыкович | - | руководитель учебно-практического центра физической культуры, член комиссии |
| 24 | Асайнова Кумусай Кайраковна | - | заместитель руководителя учебно-практического центра физической культуры, член комиссии |
| 25 | Атенов Темирбулат Мусабекович | - | руководитель отдела начальной военной подготовки учебно-практического центра физической культуры, член комиссии |